

Бракеражды комиссия отырысының хаттамасы
С.Оразалин атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің бракеражды комиссиясының
отырысының

№1 Хатамасы

31.08.2023ж.

Барлығы: 7

Қатысқаны:

Күн тәртібінде

1.Бракеражды комиссия құрамын бекіту жөнінде

2.Міндеттерін бөлісу туралы

Тыңдалды:

1-мәселе. Әлеуметтік педагог: М.Колганатова сөз алды.Өз сөзінде: Биылғы оқу жылында мектепте тегін ыстық тамақтың жүргізілуіне байланысты асханада уақытылы және сапалы тамақтың берілуі, асхана жұмыстарының уақытылы жүргізілуін қадағалау мақсатында мектепте бракеражды комиссия құрылуы қажет. Сол себепті төмендегі адамдарды ұсынамын:

1. Г.Акимова ДОДЖО

2. Б.Нугманова- ДТЖО

3. М.Колганатова – Әлеуметтік педагог

4.Жалғасбаев Р – кәсіподақ

5. Телеуов С- қамқоршылық кеңес

6. Насрадинов Р -ата-аналар ұйымының төрағасы

7.Медсестра- Дошаева Ғ

2- мәселе бойынша директордың тәрбие ісінің орынбасары Б.Б. Нугманова сөз кезегін алды:

Бракераж комиссиясының негізгі міндеттері:

-Тамақтан уланудың алдын алу.

-Асқазан-ішек ауруларын болдырмау.

-Тамақтың дайындалу техникасын қадағалау.

-Тамақтандырудың толыққанды ұйымдастырылуы, түрінің, тізімінің көбейтілуі.

Бракераж комиссиясы өз қызметінде СанПин талаптарын, рецепт жинақтарын,технологиялық картаны, берілген ережелер бойынша басшылыққа алады. Бракераж комиссиясы тамақтың дәмін татып, оның бағасын беріп, нәтижесі журналға жазылып, таратуға рұқсат берген жағдайда ғана, тамақ таратылады. Сонымен қатар журналға дайын тағамның дәмі, сыртқы түрі, түсі, иісі, құрамы, қаттылығы, шырындылығы міндетті түрде жазылуы тиіс екенін және айына 2 рет бақылау жүргізілетінін айтты.

Шешімі:

1-Мәселе бойынша 2023-2024 жылға жоғарыда көрсетілген құрам бойынша бракеражды комиссия бекітілсін.

2-Мәселе бойынша осы бекітілген комиссияның ыстық тамақтың ұйымдастырылуы мен сапасына үнемі бақылау жұмыстарын жүргізіп отырсын.

ХАТТАМА №1

2023 жылдың 1 қыркүйек күні С.оразалин атындағы ЖОББМ комиссия мүшелерінің қатысуымен

Күн тәртібінде:

1.Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру

2.Тамақтың сапасы мен мөлшері

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог: Колганатова М.М


Өз сөзінде 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айының 4-нен бастап көп балалы және атаулы әлеуметтік көмек алатын, күн көрісі төмен отбасы балалары ыстық тамақпен қамтылды. Ыстық тамақпен 104 оқушы қамтылған, асханадан тамақтанады. Тамақтың сапасымен дәмі қаралды.Тамақтың сапасы жақсы, бұқтырылған және жарамды.

Оқу ісі-жөніндегі орынбасары: Акимова Г. Мұндай жағдай жасау оқушылар үшін үлкен көмек деп ойлаймын.

Ата-ана комитетінің төрағасы:..Көп балалы отбасы балаларына жақсы біріліп тұр, бір үйден бірнеше бала мектепте оқитын болған соң мұндай қажеттіліктер керек.

Шешім: сынып жетекшілер оқушылардың қоғамдық орында әдептілік сақтауын, тамақ кезінде үстел үстінде өзін-өзі ұстау ережелерін, сақтауын қадағалауын қамтамасыз етсін.

Мектеп директоры:  А.А.Дошаев

Хатшысы:  Көлкебаева К.К

